«Аила» санаторлық бөбекжайы» КММ-сі

Ойын сауық

# Ғарыш және галактика

Тәрбиеші : Тазабекова А

2024 оқу жылы

Scanned with CamScanner

**Тақырыбы:** 12- Сәуір ғарышкерлер күні.

**Білім беру саласы:** « Қатынас ». «Таным», Шығармашылық», «Әлеумет»

**Мақсаты:** Ғарыш, ғарышкерлер туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Балалардың сөздік қорларын байыту. Табиғат сұлулығын сезінуге, оны қорғауға, батылдыққа, адамгершілікке, ұжыммен бірлесіп әрекет жасауға тәрбиелеу.

**Әдіс- тәсілдері:** әңгімелеу, түсіндіру, жұмбақ шешу, тақпақтар, ойындар, сұрақ- жауап қортынды.

**Көрнекіліктер:** Ғарышкерлер суреттері, зымыран, күн,ай, жұлдыз, үн таспа, аспан әлемі.

**Ән ұран:** Менің елім Қазақсан
**Ойын: «Кім жылдам »**
Балалар қазір жылдың қай мезгілі?
**Балалар:** Көктем
Көктемнің неше айы бар? Айларын атапбарәңдерші
**Балалар:** Наурыз, Сәуір, Мамыр
Сәуір айында қандай мереке бар, естеріңе түсіріңдерші?
**Балалар:** Ғарышкерлер күні
Ғарышкерлер дегеніміз кімдер?
**Балалар:** Ғарышкерлер дегеніміз – олар ғарышқа , аспан әлеміне ұшатын адамдар .
Балалар аспаннан нелерді көруге болады? **Жұлдыз**

Ғарыш әлемі кең байтақ, оны адамзат әлі толығымен зертеп болған жоқ. Ғарыш әлемінде көптеген ғаламшарлар бар.
1. Меркурий, 2. Венера, 3. Жер 4. Марс 5. Юпитер, 6. Сатурн, 7.Уран, 8. Нептун, 9. Плутон

Ең бірінші адамдар айға ұшпас бұрын тірі дененің баруы үшін лайка деген итті ғарышқа ұшырған екен. Жерге қонғаннан кейін оның денесіне, қанына тексеру жүргізіп, ғарышқа адамның да баруға болатынын білген. Ең алғаш ғарышқа ұшқан Ресей азаматы ол Юрий Гагарин.
Ол 1961 жылы 12- сәуірде тарихта тұңғыш рет «Васток» ғарыш кемесімен Байқоңыр ғарыш алаңынан ғарышқа ұшты.

Scanned with CamScanner

Ол Мынау ғарышқа дайындалып жатқан кезі.
1991 жылы Қазақстаннан алғаш ғарышқа ғарышкер Тоқтар Әубәкіров ұшты. Екінші болып ғарышқа қазақ ғарышкері Талғат Мұсабаев ұшты. Үшінші ғарышкеріміз Айдын Айымбетов тәуелсіз Қазақстанның үшінші ғарышкері. Бұлар ержүрек, батыр, халық қаһармандары, еліміздің мақтанышы.

Ғарышта адам демалатын ауа жоқ, көлеңке жағы қатты суық болады, күн түсіп тұрған жағы өте ыстық болады екен. Ғарышкерлер үстеріне арнайы киім киеді. Ол скафандр деп аталады.
Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ болғандықтан тек осы арнайы киіммен жүре алады.

**Жұмбақ:**

Ал балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр.
Сендер жұмбақтың жауабын білесіңдер ме?

Күндіз бәрі қашады,
Түнде аспанды басады. **(Жұлдыз)**

Көлде жүрген ақ үйрек,
Түнде бар да, күндіз жоқ. **(Ай)**

Таңмен көзін ашады,
Әлемге нұрын шашады. **(Күн)**

Ұшады қанатсыз
Зырлайды аяқсыз **(Зымыран)**

**Би:** Ғарышкелер биі.

**Балаларымыздың ғарышкерлерге арналған тақпақтары.**

**Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»**
**Мақсаты:** Балалардың есте сақтау және көру қабілеттерін дамыту.

**Ойының шарты:** Ғаламшарлардың көлеңкелерін табуға үйрету.

Scanned with CamScanner

**Дидактикалық ойын: «Жартысын тап»**

**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін, дүние танымын дамыту.

**Ойынның шарты:** Күннің, зымыранның, скафандрдың, ғарышкердің, жер шарын ажырата білуге үйрету.

**Дидактикалық ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»**

**Ойынның шарты:** Балалардың алдында аспанда болатын ғаламшарларды табу.

**Үстел үсті ойын: «Пазл»**

**Мақсаты:** Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.

-Балалар сендер ғарышкер болғыларың келе ме?

Балалар кәне бойымызды жазып ән шырқап алайық .

**Ән: Мен ғарышке боламын!**

**Қортындылау.**

Сұрақ жауап арқылы оқу қызыметін пысықтау.

-Балалар бүгінгі күн қалай аталады?

-Ғарышқа ұшқан орыс азаматы кім?

-Қазақ елінен кімдер ғарышқа ұшты?

-Ғарышқа киетін киімді не деп атайды?

-Балалар сендер қандай ойындар ойнадыңдар?

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс :** Ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапар, ғарыш алаңы, зымыран, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері, ғарышкерлердің киімі туралы.

**Нені білді:** Ғарышкерлерді, Зымыранды, ғаламшарларды таныды.

**Неі игерді:** Өз ойларын айтуды, бірлесе жұмыс жасауға үйренді.

Scanned with CamScanner

**Дидактикалық ойын: «Жартысын тап»**

**Мақсаты:** Есте сақтау қабілеттерін, дүние танымын дамыту.

**Ойынның шарты:** Күннің, зымранның, скафандрдың, ғарышкердің, жер шарын ажырата білуге үйрету.

**Дидактикалық ойын: «Жұлдызды аспан әлемін құрастыру»**

**Ойынның шарты:** Балалардың алдында аспанда болатын ғаламшарларды табу.

**Үстел үсті ойын: «Пазл»**

**Мақсаты:** Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.

-Балалар сендер ғарышкер болғыларың келе ме?

Балалар кәне бойымызды жазып ән шырқап алайық .

**Ән: Мен ғарышке боламын!**

**Қортындылау.**

Сұрақ жауап арқылы оқу қызыметін пысықтау.

-Балалар бүгінгі күн қалай аталады?

-Ғарышқа ұшқан орыс азаматы кім?

-Қазақ елінен кімдер ғарышқа ұшты?

-Ғарышқа киетін киімді не деп атайды?

-Балалар сендер қандай ойындар ойнадыңдар?

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі тиіс :** Ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапар, ғарыш алаңы, зымыран, қазақтың тұңғыш ғарышкерлері, ғарышкерлердің киімі туралы.

**Нені білді:** Ғарышкерлерді, Зымыранды, ғаламшарларды таныды.

**Неі игерді:** Өз ойларын айтуды, бірлесе жұмыс жасауға үйренді.

Scanned with CamScanner






Scanned with CamScanner